

Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 ақпанда № 20021 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 07.09.2020 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) "Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлер саны туралы есеп" (индексі 1-Т (Еңбек жағдайы), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) "Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлер саны туралы есеп" (индексі 1-Т (Еңбек жағдайы), кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Ірі және орта кәсіпорындардағы кадрлар саны және оған деген қажеттілік туралы есеп" (индексі 1-Т (бос жұмыс орны), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Ірі және орта кәсіпорындардағы кадрлар саны және оған деген қажеттілік туралы есеп" (индексі 1-Т (бос жұмыс орны), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) "Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп" (индексі 2-Т (еңбекақы), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) "Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп" (индексі 2-Т (еңбекақы), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) "Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" (индексі Т-001, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) "Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" (индексі Т-001, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) "Лайықты еңбек" (индексі Т-004, кезеңділігі жылына үш рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) "Лайықты еңбек" (индексі Т-004, кезеңділігі жылына үш рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 17952 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 5 ақпандағы
№ 17 бұйрығына 1-қосымша



Мемлекеттік
статистика органдары
құпиялылығына
кепілдік береді
Конфиденциальность
гарантируется
органами
государственной
статистики
Жалпы мемлекеттік
статистикалық
байқаудың
статистикалық
н ы с а н ы
Статистическая форма
общегосударственного

Приложение 1 к приказу Председателя Ко

атауы мен кодын Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) көрсетіңіз

Укажите наименование и код согласно Общему классификатору видов экономической деятельности (далее – ОКЭД) фактически осуществляемого основного вида экономической деятельности юридического лица (подразделения)

--	--	--	--	--	--

2. Есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз

Укажите данные о численности работников в среднем за отчетный год и фонде заработной платы

Жол коды Код строки	Көрсеткіштер атауы Наименование показателей	ЭҚЖЖ бойынша код Код по ОКЭД	Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны, адам Списочная численность работников в среднем за отчетный период, человек		Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің нақты саны, адам Фактическая численность работников в среднем за отчетный период, человек		Қызметкерлердің жалақы қоры, мың теңге (ондық белгімен) Фонд заработной платы работников, тысяч тенге (с десятичным знаком)		Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы , теңге Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника , тенге	
			в среднем за год барлығы всего	оның ішінде әйелдер из них женщин	барлығы всего	оның ішінде әйелдер из них женщин	барлығы всего	оның ішінде әйелдерге есептелгені из них начислено женщинам	барлығы всего	әйелдер женщин
А	Б	В	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ұйым (бөлімше) бойынша барлығы Всего по организации (подразделению)	X								
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X	X	X
1.1	негізгі қызметтің персоналы персонал основной деятельности									
1.2	қайталама қызметтің персоналы персонал	X		X		X	X	X		X

	вторичной деятельности								X	
1.2.1			X		X	X	X	X	X	X
1.2.2			X		X	X	X	X	X	X

2.1 Есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны мен әкімшілік және өндірістік персоналдың жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз

Укажите данные о численности работников в среднем за отчетный год и фонде заработной платы административного и производственного персонала

Жол коды Код строки	Көрсеткіштер а т а у ы Наименование показателей	ЭҚЖЖ бойынша код Код по ОКЭД	Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны, адам Списочная численность работников в среднем за отчетный период, человек		Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің нақты саны, адам Фактическая численность работников в среднем за отчетный период, человек		Қызметкерлердің жалақы қоры, мың теңге (ондық белгімен) Фонд заработной платы работников, тысяч тенге (с десятичным знаком)		Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы , теңге Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника , тенге	
			в среднем за год барлығы всего	оның ішінде әйелдер из них женщин	барлығы всего	оның ішінде әйелдер из них женщин	в среднем за год барлығы всего	оның ішінде әйелдерге есептелгені из них начислено женщинам	барлығы всего	әйелдер женщин
А	Б	В	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ұйым (бөлімше) бойынша барлығы Всего по организации (подразделению)	X								
1.1	1-жолдан: из строки 1: әкімшілік персонал административный персонал	X								
1.2	1-жолдан: из строки 1: өндірістік персонал производственный персонал	X								

3. Кәсіптердің негізгі топтары ("Қызметтер жіктеуіші" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес) бойынша есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз

1.6	фермерлер және ауыл мен орман шаруашылығының, балық шаруашылығының және балық аулау жұмысшылары фермеры и рабочие сельского и лесного хозяйства, рыбоводства и рыболовства							
1.7	өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа тектес қызметтердің жұмысшылары рабочие промышленности, строительства, транспорта и других родственных занятий							
1.8	өндірістік жабдық операторлары, құрастырушылары және жүргізушілері операторы производственного оборудования, сборщики и водители							
1.9	біліктілігі жоқ жұмысшылар неквалифицированные рабочие							
1.10	басқа топтарға кірмейтін жұмыскерлер работники, не входящие в другие группы							

4. Есепті жылға орташа алғанда қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған және толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін қызметкерлердің; жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардың саны және жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз

Укажите данные о численности и фонде заработной платы: лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера; работников, работающих неполное рабочее время и принятых на работу по совместительству, в среднем за отчетный год

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	а т а у ы	Барлығы Всего	Оның ішінде әйелдер Из них женщин
А	Б		1	2
1	Қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) жұмыс істейтіндердің саны, адам Численность работающих по совместительству (из других организаций), человек			

2	Жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдар саны, адам Численность лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера, человек		
3	Қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) жұмыс істейтіндерге есептелген жалақы қоры, мың теңге (ондық белгімен) Фонд заработной платы, начисленный работающим по совместительству (из других организаций), тысяч тенге (с десятичным знаком)		
4	Жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдарға есептелген жалақы қоры, мың теңге (ондық белгімен) Фонд заработной платы, начисленный лицам, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера, тысяч тенге (с десятичным знаком)		
5	Толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасында жұмыс істейтіндер саны, адам Численность работающих неполный рабочий день или неполную рабочую неделю, человек		
6	Өндірістің тұрып қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін қызметкерлер саны, адам Численность работников, временно неработающих в связи с простоем производства, человек		

5. Қызметкерлердің күнтізбелік уақыт қорын пайдалануы туралы деректерді көрсетіңіз

Укажите данные об использовании календарного фонда времени работников

Жол коды Код строки	Көрсеткіштер Наименование показателей	Барлығы Всего	Оның ішінде әйелдер Из них женщин
А	Б	1	2
1	Барлық қызметкерлердің жұмыспен өтелген адам-күнінің саны Число отработанных человеко-дней всеми работниками		
2	Барлық қызметкерлердің жұмыспен өтелген адам-сағатының саны, мың адам-сағат (ондық белгімен) Число отработанных человеко-часов всеми работниками, тысяч человеко-часов (с десятичным знаком)		
3	Жұмыспен өтелмеген адам-күн саны, барлығы Число неотработанных человеко-дней, всего		
	оның ішінде:	X	X
3.1	ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы (қосымша еңбек демалысын қосқанда) оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска (включая дополнительные трудовые отпуска)		
3.2	оқу демалыстары учебные отпуска		
3.3	науқастануына байланысты по болезни		

3.4	жалақысы сақталмайтын демалыстармен байланысты в связи с отпусками без сохранения заработной платы		
3.5	өндірістің тұрып қалуына байланысты в связи с простоем производства		
3.6	басқа себептер бойынша по другим причинам		
4	Мерекелік және демалыс күндерінің саны, адам-күн Число праздничных и выходных, человеко-дней		

6. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді оқыту туралы ақпаратты көрсетіңіз (есепті жылға), адам

Укажите информацию об обучении работников за счет средств работодателя (за отчетный год), человек

Жол коды Код строки	Көрсеткіштер атауы Наименование показателей	Жұмыс берушінің қаражаты есебінен оқыған қызметкерлер саны - барлығы Численность работников, обученных за счет средств работодателя - всего	Оның ішінде келесі бағыттар бойынша: Из них по следующим направлениям:		
			біліктілікті арттыру повышение квалификации	кәсіптік даярлау профессиональная подготовка	кәсіптік қайта даярлау профессиональная переподготовка
А	Б	1	2	3	4
1	Барлығы Всего				
	оның ішінде білім деңгейімен: из них с уровнем образования:	X	X	X	X
1.1	техникалық, кәсіптік және ортадан кейінгі білім техническое, профессиональное и послесреднее образование				
1.2	жоғары білім высшее образование				
1.3	жоғары оқу орнынан кейінгі білім послевузовское образование				

7. Қызметкерлердің қозғалысы туралы деректерді көрсетіңіз, адам

Укажите данные о движении работников, человек

Жол коды			Оның ішінде білім деңгейімен Из них с уровнем образования		1 - бағаннан әйелдер И з
			техникалық, кәсіптік және орта оқу орнынан	жоғары білім жоғары оқу орнынан	

Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлығы Всего	кейінгі білім техническое, профессиональное и послесреднее образование	высшее образование	кейінгі білім послевузовское образование	графы 1 женщин
А	Б	1	2	3	4	5
1	Есепті кезеңнің басына қызметкерлердің тізімдік саны – барлығы Списочная численность работников на начало отчетного периода – всего					
2	Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлер – барлығы Принято работников за отчетный период – всего					
	оның ішінде: из них:	X	X	X	X	X
2.1	есепті жылы жоғары оқу орындарын бітіргендер санынан жоғары білімі бар мамандар специалистов с высшим образованием из числа окончивших высшие учебные заведения в отчетном году		X	X	X	
2.1.1	оның ішінде оқыту нәтижесінде алынған мамандығы бойынша из них по специальности, полученной в результате обучения		X	X	X	
2.2	жаңадан құрылған жұмыс орындарына на вновь созданные рабочие места		X	X	X	
2.3	мүгедектігі бар қызметкерлер работников, имеющих инвалидность		X	X	X	
3	Есепті кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлер – барлығы Выбыло работников за отчетный период – всего					
3.1	персонал санының қысқартылуына байланысты в связи с сокращением численности персонала					
	кәсіпорынның таратылуына байланысты					

3.2	в связи с ликвидацией предприятия					
3.3	біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкер атқарып жүрген лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегеніне байланысты в связи с несоответствием занимаемой должности или выполняемой работе вследствие недостаточной квалификации					
3.4	еңбек тәртібін бұзғанына байланысты в связи с нарушением трудовой дисциплины					
3.5	тараптардың еркінен тыс мән-жайларға байланысты в связи с обстоятельствами, независящими от воли сторон					
3.6	өз еркі бойынша (қызметкердің бастамасы бойынша) по собственному желанию (по инициативе работника)					
3.7	басқа себептер бойынша по другим причинам					
4	Есепті кезеңнің соңына қызметкерлердің тізімдік саны – барлығы Списочная численность работников на конец отчетного периода - всего					

8. Есепті кезеңнің соңына қызметкерлердің тізімдік санының құрамы туралы деректерді көрсетіңіз, адам

Укажите данные о составе списочной численности работников на конец отчетного периода, человек

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	а т а у ы	Барлығы Всего
А	Б		1
1	Ұйым (бөлімше) бойынша барлығы Всего по организации (подразделению)		
	соның ішінде мынадай жастағы адамдар: в том числе лица в возрасте:		Х
1.1	1 4 – 1 5 лет	ж а с	
1.2	1 6 – 2 8 лет	ж а с	

1.3	2 9 лет	–	4 9	ж а с	
1.4	5 0 лет и старше	ж а с	ж ә н е	ү л к е н	
2	1 - ж о л д а н : жұмыс и з работающие пенсионеры	і с т е й т і н с т р о к и		з е й н е т к е р л е р 1 :	
3	1 - ж о л д а н : мүгедектігі и з работники, имеющие инвалидность	б а р с т р о к и		қ ы з м е т к е р л е р 1 :	
3.1	оның из них женщины, имеющие инвалидность	і ш і н д е мүгедектігі	б а р	ә й е л д е р	
4	1 - ж о л д а н : "Жасыл жұмыс орындарында" и з численность работающих на "зеленых рабочих местах"	жұмыс с т р о к и	і с т е й т і н д е р д ің с а н ы 1 :		

9. Жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар туралы деректерді көрсетіңіз, мың тенге (ондық белгімен)

Укажите данные о затратах на содержание рабочей силы, тысяч тенге (с десятичным знаком)

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	а т а у ы	Барлығы Всего
А	Б		1
1	Жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар сомасы – барлығы Сумма затрат на содержание рабочей силы – всего		
1.1	Қызметкерлердің жалақы қоры - барлығы Фонд заработной платы работников – всего		
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	Х
1.1.1	тарифтік мөлшерлеме мен лауазымдық (базалық) айлықақы бойынша есептелген жалақы заработная плата, начисленная по тарифным ставкам и должностным (базовым) окладам		
1.1.2	біржолғы төлемдер мен сыйлықақылар единовременные выплаты и премии		
1.1.3	жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақы төлемдері компенсационные выплаты, связанные с режимом работы и условиями труда		
1.1.4	жұмыспен өтелмеген уақытқа ақы төлеу оплата за неотработанное время		
1.1.5	1 . 1 - ж о л д а н : заттай нысандағы жалақы қоры – барлығы и з с т р о к и фонд заработной платы в натуральной форме – всего		1 . 1 :
1.2	Жалақы қорында ескерілмейтін төлемдер мен шығыстар - барлығы Выплаты и расходы, не учитываемые в фонде заработной платы – всего		

	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :	X
1.2.1	қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша ұйымның шығыстары расходы организации по обеспечению работников жильем		
	о н ы ң из них:	і ш і н д е :	X
1.2.1.1	қызметкерлердің меншігіне берілген тұрғын үйдің құны стоимость жилья, переданного в собственность работникам		
1.2.1.2	қызметкерлерге тұрғын үй құрылысына немесе тұрғын үйді сатып алуына берілген өтеусіз демеу - қаржылар, қызметкерге ұйым өткізген пәтерлердің нарықтық құны мен қызметкер төлеген сома арасындағы айырма бесвозмездные субсидии, предоставленные работникам на жилищное строительство или приобретение жилья, разница между рыночной стоимостью квартиры, реализованной организацией работнику и суммой, уплаченной работником		
1.2.1.3	қызметкерлердің шығыстарын өтеу тәртібінде тұрғын үй-жайға (пәтерді, жатақханадағы орынды жалға алу), коммуналдық көрсетілетін қызметтерге және ағымдағы жөндеуге ақы төлеу бойынша ұйым төлейтін шығыстар расходы, уплаченные организацией в порядке возмещения расходов работников по оплате жилого помещения (плата за аренду квартиры, места в общежитии), коммунальных услуг и по оплате текущего ремонта		
1.2.2	ұйымның қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға жұмсаған шығыстары расходы организации на социальную защиту работников		
1.2.2.1	оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар из них отчисления на обязательное социальное медицинское страхование		
1.2.3	ұйымның қызметкерлерін оқытуға жұмсаған шығыстары расходы организации на обучение работников		
	о н ы ң из них:	і ш і н д е :	X
1.2.3.1	жұмыс беруші (ұйым) өндірістік қажеттілікке байланысты оқыту мекемелеріне оқуға жіберілген студенттер мен оқушыларға ұйымның қаражаты есебінен төленетін с т и п е н д и я л а р стипендии студентам и учащимся, направленным работодателем (организацией) на обучение в учебные заведения, связанные с производственной необходимостью и выплачиваемые за счет средств организации		
1.2.3.2	тренингтерге және басқа да білім беру іс - шараларына жұмсалған шығыстар расходы на тренинги и другие образовательные мероприятия		
1.2.4	мәдени іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыруға ж ұ м с а л ғ а н шығыстар расходы на проведение культурных мероприятий, а также по организации отдыха и развлечений		
1.2.5	ұйымның жоғарыда көрсетілген топтарға жатпайтын жұмыс күшіне шығыстары расходы организации на рабочую силу, не отнесенные к вышеперечисленным группам		
1.2.6	жұмыс күшін пайдалануға байланысты салықтар налоги, связанные с использованием рабочей силы		
	о н ы ң из них:	і ш і н д е :	X
1.2.6.1	ә л е у м е т т і к социальный налог	с а л ы қ	

1.2.6.2	шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты шығыстар расходы, связанные с привлечением иностранной рабочей силы
---------	--

10. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатка дейін до 1 часа	1 – 2	2 – 4	4 – 8	8 – 40	40 сағаттан артық более 40 часов
---------------------------	-------	-------	-------	--------	----------------------------------

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _____

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің)

Электрондық пошта

мекенжайы (респонденттің)

Телефон (респондента) _____ Адрес электронной

стационарлық ұялы почты (респондента) _____

стационарный мобильный

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты қолы, телефоны (орындаушының)

(бар болған жағдайда) подпись, телефон (исполнителя)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе

оның міндетін атқарушы

Главный бухгалтер или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 5 ақпандағы
№ 17 бұйрығына
2-қосымша

**"Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық)
жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын
толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) жұмыс уақыты – қызметкер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

2) қызметтің қайталама түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімдер өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі;

3) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрлерінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

4) толық емес жұмыс уақыты – Еңбек кодексінде белгіленген қалыпты ұзақтықтан аз уақыт, оның ішінде: толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту; толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту; күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын бір мезгілде азайту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту.

3. Статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, оларға заңды тұлғаның статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттігі берілген жағдайда тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады.

Өз қызметін екі немесе одан да көп облыстардың аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалар әрбір бөлімше бойынша жеке бланкілерде статистикалық нысанды ұсынады, яғни қызметті жүзеге асыру орны бойынша деректерді көрсетеді.

4. Статистикалық нысанды респондент белгіленген күнтізбелік есепті кезең уақытында толтырады: жыл.

Деректер жұмыс берушінің актілері және бастапқы есеп құжаттамасының біріздендірілген нысандары: қызметкерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру, еңбек шартын бұзу туралы бұйрықтардың (өкімдердің), жұмыс уақытын пайдалану есебінің табельдері, есеп айырысу-төлем ведомостерінің негізінде толтырылады.

Жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелінде жұмысқа шықпау себептері, толық емес жұмыс күні, үстеме жұмыс туралы, жұмыс режиміндегі өзгерістер туралы белгілер тиісті құжаттар (еңбекке жарамсыздық парақтары, бұйрықтар (өкімдер) негізінде ғана көрсетіледі.

5. Есепті кезең ішінде құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бір заңды тұлғадан екінші тұлғаға берілген (сатылған, қайта құрылған) жағдайда, берген заңды тұлғаның статистикалық нысандарынан көрсетілген деректер жыл басынан бергі кезең үшін алып тасталады және құрамына құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер кіретін заңды тұлғаның есебіне жыл басынан бастап енгізіледі.

Заңды тұлғаның шаруашылық жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, заңды тұлғаның жаңа статусы бойынша деректер өзгеріс болған уақыттан бастап есептеледі, бұрынғы статусы бойынша жыл басынан бергі айлардағы деректер статистикалық нысаннан алып тасталмайды.

6. Статистикалық нысанда қателер және басқа да бұрмалаушылықтар анықталған жағдайда, заңды тұлғалар есептік деректерді түзетуді бұдан кейінгі есептердің өспелі қорытынды деректерінде қателер немесе бұрмалаушылықтар табылғаннан кейін жүргізеді.

7. Тізімдік сан бойынша деректерді толтырғанда, жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар (төлемақысыз және кез-келген келісімшартсыз орындалған жұмысты білдіреді) ескеріледі.

7-1. Тізімдік санға:

1) қызметкерлер:

бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, сондай-ақ шетел жұмыс күштері – республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші елден тысқары жалдаған шетелдіктер және азаматтығы жоқ азаматтар;

жұмысты вахталық әдіспен орындау үшін жіберілгендер;

толық емес жұмыс уақытына жұмысқа қабылданғандар;

қысқартылған жұмыс уақыты бойынша қабылданғандар (он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер; ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер; бірінші және екінші топтардағы мүгедектер);

аталған ұйымда жалақысын сақтай отырып, іссапарларда жүргендер, сондай-ақ шетелдерде қысқа мерзімді қызметтік іссапарларда жүрген қызметкерлер қосылады;

егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса, ұйымнан тыс жерлерде уақытша жұмыс істейтіндер (жүктелім бойынша);

егер олардың жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша сақталмайтын болса, басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша тартылғандар;

егер олар штаттық лауазымға қабылданған болса, жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторларына жұмысқа тартылған жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімінің студенттері;

қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында жұмысқа сынақ мерзімімен қабылданғандар. Аталған қызметкерлер тізімдік санға еңбек шартының әрекет етуінен бастап енгізіледі;

уақытша жұмыста жоқ қызметкерлердің (науқастануына, оқу демалысына, жүктілігі және босануы бойынша демалысына, бала күтімі бойынша демалыста болуына, мерзімді әскери қызметті өтеуіне байланысты) орнына қабылданғандар;

ұйыммен жұмысты үйінде (үйде жұмыс істейтін қызметкерлер) жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасағандар қосылады.

Өз материалдарымен және өзінің немесе жұмыс беруші бөліп беретін не жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарды, құрал-саймандар мен тетіктерді пайдалана отырып жұмыс берушімен жұмысты үйде жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасасқан адамдар жұмысты үйде істейтін қызметкерлер деп саналады.

Қызметкерлердің тізімдік санында жұмысты үйде істейтін қызметкерлер әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есептеледі.

2) қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар қосылады (жалақы есептелетін және есептелмейтін).

Қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдардың тізімдік санында әрбір күнтізбелік күн бүтін бірлік ретінде есептеледі.

7-2. Сондай-ақ, келесі себептер бойынша ұйымда уақытша болмаған қызметкерлер де тізімдік санға қосылады:

- 1) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысында жүргендер;
- 2) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған қызметкерлерді қоса, себепсіз жұмысқа шықпағандар;
- 3) білім беру ұйымдарында оқып жүрген және жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер, сонымен қатар қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы білім беру ұйымдарына түсу үшін түсу емтиханын тапсыратын қызметкерлер;
- 4) демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін қосымша демалыс күнін алғандар;
- 5) егер олардың жалақысы сақталатын болса, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарына жұмыстан босатылып жіберілгендер;
- 6) еңбек ақыны толық немесе жартылай сақтаумен сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін оқу демалыстарында жүргендер;
- 7) жүктілігі және босануы бойынша демалыста, жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстарда жүргендер;
- 8) жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерімен келісу бойынша қабылданған актілерімен бекітілген ауысымдық кестелерге сәйкес демалыс күндері барлар;
- 9) қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер;

10) науқастануына байланысты жұмысқа келмегендер (уақытша еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін науқастанған бүкіл кезең ішінде немесе мүгедектік бойынша шыққанға дейін);

11) өндірістің бос тұруына байланысты орнында болмағандар;

12) сот өкімі шыққанға дейін тергеуде жатқандар;

13) ұзақ мерзімді қызметтік іссапарға жіберілгендер, оның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында жіберілгендер;

14) шақыру бойынша әскери қызметті өтеу және әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша дайындықта жүргендер.

7-3. Тізімдік санға:

1) қызметкерлер:

басқа ұйымдардан қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған; егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталмайтын болса, басқа ұйымға уақытша жұмысқа жіберілгендер қосылмайды.

Қоса атқарушылық бойынша жұмысты орындайтын қызметкерлерге негізгі жұмыс уақытынан бос уақытында еңбек шартының талаптарында тұрақты ақы төленетін басқа жұмысты орындайтындар жатады.

Ұйымда еңбек қатынастарында тұрған (негізі жұмыс орны бойынша) немесе екі, бір жарым мөлшерлемесі бар қосымша атқарушылық бойынша жұмысты атқаратын қызметкер осы ұйым қызметкерлерінің тізімдік санында бір адам (бүтін бірлік) ретінде саналады.

2) адамдар:

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысты орындаушы; жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс үшін тартылғандар қосылмайды.

Жұмысты азаматтық-құқықтық шарттар бойынша орындайтын адамдарға ұйымның ішкі еңбек тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгіленген нақты жұмыс көлемін (бір жолғы, арнаулы шаруашылық) орындау уақытына ғана шарт бойынша қабылданғандар жатады.

7-4. Есепті кезеңнің басына (соңына) қызметкерлердің тізімдік саны есепті кезеңнің белгілі бір күніне: сол күні қабылданғандарды қоса алғанда және кеткен қызметкерлерді қоспағанда, айдың бірінші немесе соңғы күні ұйымның тізімдік құрамындағы қызметкерлер санының көрсеткіші болып табылады.

Белгілі бір кезең ішінде қызметкерлердің орташа тізімдік санын анықтау үшін жұмыс берушінің актілері негізінде нақтыланатын (қабылдау, қызметкерлерді басқа жұмысқа ауыстыру және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар, өкімдер) тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының күн сайынғы есебі жүргізіледі.

7-5. Ұйымда толық ай жұмыс істеген, сондай-ақ орташа алғанда есепті айда толық ай жұмыс істемеген қызметкерлердің тізімдік саны (жаңадан құрылған,

таратылған, өндірістің маусымдық сипаты бар ұйымдардағы), қызметкерлердің орташа тізімдік санын мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, есепті айдың әрбір күнтізбелік күніне қосу және алынған соманы есепті айдағы күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Демалыс немесе мереке күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны соның алдыңғы жұмыс күнгі қызметкерлердің тізімдік санына тең деп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мерекелік күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны сол демалыс немесе мерекелік күндердің алдындағы жұмыс күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер санымен тең етіп алынады.

7-6. Бір тоқсанға орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосу және алынған соманы үшке бөлу жолымен анықталады.

Жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі барлық өткен айлардағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішінде ұйымның жұмыс істеген айларының санына алынған қосындыны бөлу жолымен анықталады.

7-7. Қызметкерлердің бір жылға орташа алғандағы тізімдік саны есепті жылдың барлық айларына орташа алғандағы қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған соманы он екіге бөлу жолымен анықталады.

Егер ұйым толық бір жыл істемесе (маусымдық жұмыс сипаты немесе есепті жылдың қаңтарынан кейін құрылған), онда қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосып, алынған соманы он екіге бөлу жолымен анықталады.

8. Орташа айлық жалақыны есептеу үшін қолданылатын қызметкерлердің нақты саны бойынша деректерді толтырғанда тізімдік құрамдағы қызметкерлер санынан осы Нұсқаулықтың 7.2-тармағының 3), 7), 9), 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген санаттағы қызметкерлер алып тасталады.

8-1. Қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) қабылданған немесе толық емес жұмыс уақытына қабылданған (ауыстырылған) қызметкерлер нақты санында есептеу арқылы есепке алынады және олардың саны есепті айдағы жұмыспен өтелген адам-сағатты бір айдағы жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығына бөлу жолымен анықталады.

Толық емес жұмыс уақытына қабылданған қызметкерлер, тізімдік санында бүтін бірлік ретінде есептеледі, ал нақты санды есептеу кезінде өтелген жұмыс уақыты бойынша есептеледі.

8-2. Өндірістік - экономикалық сипаттағы себептер бойынша жұмысын уақытша тоқтатқан ұйымдар қызметкерлердің нақты санын жалпы негізде

анықтайды, яғни мұндай қызметкерлер нақты санда бүтін бірлік ретінде есептеледі.

8-3. Толық ай (тоқсан, жыл) жұмыс істемеген ұйымдар бойынша кезең ішінде орташа алғанда, қызметкерлердің нақты санын есептеу тәртібі (орташа айлық жалақыны есептеу үшін қабылданған) осы Нұсқаулықтың 7-5, 7-6 және 7.7-тармақтарында көрсетілген кезең ішіндегі орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік санын есептеу тәртібіне ұқсас.

8-4. Орташа айлық жалақыны есептеу үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылған адамдар қызметкерлердің нақты санына қосылмайды. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылған адамдардың есебі статистикалық нысанның 4-бөлімінде жеке жүргізіледі. Аталған адамдар осы шарттың барлық қолданыстағы кезеңінде әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есептеледі.

8-5. Орташа айлық жалақыны есептеу үшін жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс үшін тартылған адамдар қызметкерлердің нақты санына қосылмайды. Егер оларға орындаған жұмысы үшін жалақы есептеу жүргізілетін болса, онда олар әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есептеледі және статистикалық нысанның 4-бөлімінде жылына бір рет есепке алу жүргізіледі.

8-6. Қызметкерлердің нақты санына жалақысы есептелетін қоғамдық бастамаларда жұмыспен қамтылған адамдар кіреді.

8-7. Уақытша еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес науқастануына байланысты жұмысқа келмеген қызметкерлер, нақты санында есептеу арқылы есепке алынады және олардың саны есепті айдағы жұмыспен өтелген адам-сағатты бір айдағы жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығына бөлу жолымен анықталады.

9. Ұйымның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 130-од бұйрығымен бекітілген, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (www.enbek.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған "Қызметтер жіктеуіші" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес негізгі қызмет топтары бойынша жіктеледі (бөлінеді).

10. Қызметкерлердің білім деңгейлері "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес айқындалады.

Жоғары білімі бар қызметкерлерге жоғары оқу орындарын, оның ішінде ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орнын, зерттеу университетін, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендерді (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) бітірген адамдар жатады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар қызметкерлерге резидентура, магистратура және докторантураны бітірген адамдар жатады.

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар қызметкерлерге негізгі орта және (немесе) жалпы орта білім базасында училище, колледж, кәсіптік лицей, кәсіптік техникалық мектеп, техникум және жоғары техникалық мектепті бітірген адамдар жатады.

11. Егер кәсіпорында экономикалық қызметтің негізгі түрінен басқа экономикалық қызметтің өзге түрлері болған жағдайда, респонденттер қосалқы қызмет түрі бойынша деректерді толтырады.

12. Статистикалық нысанның 2.1-бөлімінің 1.1-жолы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 981 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12600 болып тіркелген) Әкімшілік персоналға жататын жұмыскерлер лауазымдары атауларының тізбесі негізінде толтырылады. Өндірістік персоналға ұйымдағы әкімшілік персоналды есепке алмағанда қалған қызметкерлер жатады.

13. Жалақы қоры бойынша деректерді толтырғанда респонденттер қызметкерлердің есептелген жалақы қорын, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдардың жалақы қорын көрсетеді.

Жалақы қорында ақша түріндегі, сондай-ақ ақша бірлігіне ауыстырылған заттай түрдегі барлық төлемдер ескеріледі.

Айға, тоқсанға, жартыжылдыққа және жылға есептелген сыйлықақылар тиісті есептік кезеңде толық көлемінде есепке алынады.

13-1. Жалақы қорына қосылатындар:

1) тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақылар бойынша есептелген жалақы:

қызметкерлерге орындалған жұмыс немесе жұмыспен өтелген уақыт үшін тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық айлықақылар, келісімді бағалау бойынша, түскен табыстан пайызбен және үлес бойынша, ұйымда қабылданған еңбекақы төлеудің түрлері мен жүйелеріне қарамастан есептелген жалақы;

тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақыларға үстемеақылар (еңбек сіңірген жылдары, жұмыс өтілі, кәсіби шеберлігі, ғылыми дәрежесі, дипломатиялық рангі және тағы басқалар);

өзінің негізгі жұмысынан босатылмастан лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін төленетін қосымша ақы сомалары;

газет, журнал және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұратын қызметкерлерге төленетін қаламақы;

жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс істеуге тартылған адамдардың орындаған жұмыстары үшін есептелген сомалар;

әскери қызметтегі міндеттерін орындауға байланысты әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері алатын төлемдердің барлық түрлері; ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрмайтын адамдарға еңбекақы төлеу (басқа ұйымдардан қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданғандар);

2) біржолғы төлемдер мен сыйлықақылар:

ай сайынғы сыйлықақылар (олардың төлем көздеріне қарамастан тұрақты сипаттағы);

төлем көздеріне қарамастан біржолғы сыйлықақылар;

біржолғы сыйлықақылар (еңбек сіңірген жылдары, жұмыс өтілі, кәсіби шеберлігі, ғылыми дәрежесі, дипломатиялық рангі және тағы басқалар);

тоқсандағы, жартыжылдықтағы, бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақылар;

демалысқа сауықтыру үшін жыл сайынғы жәрдемақы (демалысқа материалдық көмек);

мерекелік және мерейтойлық күндерге байланысты біржолғы ынталандыру төлемдері;

ұжымдық шартпен немесе жұмыс берушінің актілерімен айқындалған басқа да төлемдер мен ынталандырулар;

3) жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақы төлемдері:

экологиялық апат және радиациялық қатер аймақтарында тұрғаны үшін төлемдер;

еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдер (өте ауыр және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені, сондай-ақ еңбектің ерекше жағдайлары үшін);

түнгі уақыттағы жұмыс үшін қосымша төлемдер;

демалыс және мереке (жұмыс істемейтін) күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу

;

үстеме жұмысқа ақы төлеу;

жер астындағы жұмыстарда ұдайы болатын қызметкерлерге шахтадағы (рудниктегі) оқпаннан жұмыс орнына дейін және кері қайта жүруінің нормативтік уақыты үшін қосымша төлемдер;

геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және басқа да дала жұмыстарында істейтін қызметкерлерге далалық қаражат;

тұрақты жұмысы жол үстінде өтетін немесе жол жүру сипаты бар немесе ұжымдық шарт, еңбек шарты және (немесе) жұмыс беруші актісімен белгіленген мөлшерде қызмет көрсету учаскелері шегінде қызметтік жол жүрумен

байланысты жағдайлардағы тәуліктік ақының орнына жалақыға қосылатын өтемақы төлемдері;

жұмыс кестесінде көзделген, вахта кезеңінде жұмысты вахталық әдіспен орындау кезінде жұмыс жүргізу орындарында болған әрбір күнтізбелік күнге, сондай-ақ ұйымның орналасқан жерінен жұмыс істейтін жерге дейінгі жолдағы және кері қайту жолындағы нақты күндерге төленетін үстеме ақылар;

4) жұмыспен өтелмеген уақытқа ақы төлеу:

жыл сайынғы еңбек және қосымша еңбек демалыстарына ақы төлеу, пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай төленетін өтемақы;

жұмыстағы арнаулы үзілістерге ақы төлеу, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің жеңілдікті сағаттарына ақы төлеу;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға тартылған қызметкерлердің жұмыс уақытына ақы төлеу;

қызметкерлердің кінәсынан болмаған бос тұрып қалуларға ақы төлеу;

жұмыс уақытын амалсыздан толық істемеген қызметкерлерге ұйым қаражаты есебінен төленетін сомалар;

білім беру ұйымдарына жұмыстан қол үзіп біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін жіберілген қызметкерлерге негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс уақытының жалақысы.

13-2. Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы жалақының есептелген қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу жолымен айқындалады.

13-3. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысты орындайтын адамдардың еңбекақысы статистикалық нысанның 4 -бөлімінде ғана есепке алынады.

14. 5-бөлімде қызметкерлер уақытының күнтізбелік қоры есепке алынады, қызметкерлердің жұмыспен өтеген адам-күні (адам-сағат), түрлі себептер бойынша жұмысқа шықпаған күндер саны және мереке мен демалыс адам-күні санынан құрылады.

Қызметкерлер уақытының күнтізбелік қорын пайдалану көрсеткіштері қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алу деректері негізінде толтырылады.

14-1. Жұмыспен өтелген адам-күн (адам-сағат) санына:

жұмыспен өтелген толық емес жұмыс уақытын қоса алғанда барлық қызметкерлердің нақты жұмыспен өтелген уақыты; үстеме және жұмыспен өтелген мереке (жұмыс) және демалыс (кесте бойынша) күндері;

қызметтік іссапарда жүрген қызметкерлердің адам-күні;

өз ұйымының жүктелімі бойынша басқа ұйымда жұмыс істеген қызметкерлердің адам-күнінің саны кіреді.

14-2. Жұмыспен өтелмеген адам-күні санына мыналар кіреді:

еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша қызметкерлердің өтініші негізіндегі жалақысы сақталмайтын демалыстар;

жұмыста қолданылатын режимдері мен кестелеріне қарамастан еңбек демалысы күндеріне келетін күнтізбелік күндердегі мереке және демалыс күндерін есепке алмай есептелетін, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстары (қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарын қоса алғанда); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12731 болып тіркелген) Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, сондай-ақ оларды беру қағидаларына сәйкес қызметкерлерге берілетін қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстары, сондай-ақ жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалыстары бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, өзге де санаттағы жұмысшылар мен қызметкерлерге үздіксіз ұзақ жұмысы, манызды, күрделі, жедел жұмыстарды орындауға байланысты ұсынылатын, сондай-ақ өзге сипаттағы жұмыстары үшін белгіленетін еңбек немесе ұжымдық шарттармен белгіленеді;

үздіксіз өндірістегі немесе өндірістік-техникалық жағдайлар немесе халыққа тұрақты үздіксіз қызмет көрсету қажеттілігі салдарынан демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін емес өндірістегі жұмыс беруші бекіткен актілердегі ауысымдық кестеге сәйкес қызметкерлерге берілген күндер демалыс адам-күндерінің санына қосылады;

Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген басқа да себептер бойынша жұмыспен өтелмеген уақыт;

науқастануына байланысты денсаулық сақтау субъектілерімен және медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарымен берілген еңбекке жарамсыздық парақтарымен ресімделген, науқастанған кезеңіндегі тек жұмыс күндері (демалыс және мерекелік жұмыс емес күндерді қоспағанда) кіретін науқастануы бойынша жұмыспен өтелмеген уақыт;

сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін жалақысы толық немесе жартылай сақталатын оқу демалыстары;

экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептерге байланысты бүкіл жұмыс күні (ауысымы) жұмыс істемеген немесе уақытша басқа жұмысқа ауыстырылмаған қызметкерлердің бос

тұрып қалған адам-күнін қамтитын өндірістің бос тұруына байланысты жұмыспен өтелмеген уақыт. Өндірістің тоқтап қалуына байланысты жұмыспен өтелмеген күндерге, сондай-ақ кәсіпорында жұмыстың тоқтауына байланысты әкімшіліктің рұқсатымен жұмысқа шықпаған адам-күндері жатады.

14-3. Демалыс және мереке күндердің саны бойынша деректерді толтырғанда респонденттер тиісті жылдағы жұмыс уақытының балансына сәйкес демалыс пен мереке күндерді көрсетеді.

14-4. 5-бөлімнің 1, 2, 3 және 4-жолдарында тізімдік құрамының қызметкерлері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

14-5. Жұмыспен өтелген адам-сағат саны бойынша деректерді толтыру кезінде кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы ішіндегі, сондай-ақ үстеме жұмыс істеген нақты уақыты ескеріледі.

15. Қызметкерлердің қозғалысы бойынша деректерді толтырған кезде, қабылданған қызметкерлердің санына қызметкердің қандай кезеңге қабылданғанына қарамастан, есепті кезеңде жұмысқа қабылдау туралы, босату туралы бұйрықпен (өкіммен) аталған ұйымға жұмысқа алынған адамдар кіреді.

7-бөлімнің 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5, 3.6 және 3.7-жолдарында көрсетілген жұмыстан шыққан қызметкерлердің санына Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын бұзған барлық ұйым қызметкерлері кіреді. Егер еңбек шартының мерзімі 31 желтоқсанда аяқталатын болған жағдайда, жұмыстан шығу туралы деректер келесі жылдың қаңтар айының есебіне енгізіледі, себебі соңғы күн бұйрық бойынша Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс күні.

16. "Жасыл жұмыс орындарында" жұмыс істейтіндердің тізімдік саны бойынша деректер 8-бөлімнің 4 жолы бойынша көрсетіледі.

Жасыл жұмыс орындарына қоршаған ортаны сақтауға және қалпына келтіруге ықпал ететін жұмыс орындары жатады.

Жасыл жұмыс орындарын анықтау кезінде келесі шарттарды басшылыққа алу қажет:

1) егер кәсіпорын экологиялық тауарларды өндірсек, онда барлық жұмыс орындары жасыл жұмыс орындары ретінде бағаланады.

Экологиялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтеріне қоршаған ортаға пайда әкелетін, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтатын немесе жоятын немесе табиғи ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал ететін тауарлар мен қызметтер жатады.

Экологиялық тауарлар мен қызметтер:

жаңартылатын энергия нысандарын пайдалану мен дамытуға;

энергия тиімділігін арттыруға (мысалы, энергиялық тиімді жабдықтар, аспаптар, көлік құралдары, сондай-ақ ғимараттардың энергия тиімділігін арттыратын өнімдер мен қызметтер);

қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды және қайта пайдалануды қоса алғанда, ластануды азайту және жою, қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен қалдықтарын азайтуға;

табиғи ресурстарды сақтауға (органикалық ауыл шаруашылығымен және орнықты орман шаруашылығымен байланысты өнімдер мен қызметтерге; жер ресурстарын басқару; топырақты, суды немесе жабайы табиғатты сақтау);

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді, экологиялық мониторингті, экологиялық проблемалар туралы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асыруға байланысты тауарлар мен қызметтерге бөлінеді.

Суды жинауға, өңдеуге және бөлуге (ЭҚЖЖ 36), кәріз жүйесіне (ЭҚЖЖ 37), қалдықтармен жұмыс істеуге (ЭҚЖЖ 38), қалпына келтіру және қалдықтарды жою саласындағы (ЭҚЖЖ 39), гидрометеорологиялық қызмет қызметі (ЭҚЖЖ 74.90.1) жаңартылатын энергия саласындағы, табиғат қорғау қызметін мемлекеттік басқару және әкімшілендіру жүйесіндегі барлық өзге де қызметтер жасыл жұмыс орындарына жатады.

Егер кәсіпорын бір бөлігі экологиялық болып табылатын біреуден артық өнімді немесе қызметтерді өндірсе, онда экологиялық тауарлар мен қызметтерді құру процесіне тікелей тартылған жұмыс орындары жасыл жұмыс орындарына жатады.

2) егер кәсіпорын өндіретін өнім немесе қызмет экологиялық болып табылмаса, бұл ретте өндірістік процесте энергия-ресурс үнемдейтін, экологиялық бағдарланған технологиялар пайдаланылады, экологиялық мониторинг жасыл жұмыс орындарына табиғатты қорғау жабдығына, технологияларға қызмет көрсетумен, экологиялық мониторингпен тікелей байланысты жұмыс орындарын жатқызу қажет.

17. Статистикалық нысанның 9-бөлімін толтырғанда респонденттер жалақы қорынан басқа, жалақы қорында есепке алынбайтын жұмыс күшін ұстаумен байланысты төлемдер мен шығыстарды да көрсетеді.

17-1. Жұмыс күшін ұстауға байланысты шығыстарға мыналар жатады:

ұйымның қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша шығыстары;

ұйымның қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға жұмсаған шығыстары;

ұйымның қызметкерлерін оқытуға жұмсаған шығыстары;

мәдени іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыруға жұмсалған шығыстар;

ұйымның жоғарыда көрсетілген топтарға жатпайтын, жұмыс күшіне жұмсалған шығыстар;

жұмыс күшін пайдалануға байланысты салықтар.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.1-жолында ұйымның қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша шығыстар ескеріледі:

басқа да шығыстар (жалға беруді қоса), яғни қызметкерлердің тұрғын үй-жайды (пәтер ақысы, жатақханадағы орындар) және қарастырылған шығыстардан асатын коммуналдық қызметтер бойынша ақы төлеу шығындарын өтеу тәртібінде ұйымның төлейтін сомалары;

қызметкерлердің меншігіне берілген тұрғын үйдің құны;

қызметкерлерге тұрғын үй құрылысына немесе тұрғын үйді сатып алуына берілген өтеусіз субсидиялар, қызметкерге ұйым өткізген пәтерлердің нарықтық құны мен қызметкер төлеген сома арасындағы айырма.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.2-жолында ұйымның қызметкерлеріне әлеуметтік қорғауға жұмсаған шығыстары ескеріледі:

әлеуметтік аударымдар;

бұл қызметкердің орындаған жұмысына байланысты емес жағдайларда, қызметкерге (үйлену тойына, бала туған кезде, ақылы медициналық операция жасау үшін, жерлеуге және құжатпен расталған жағдайда жаппай сипаты жоқ басқа да төлемдер) бір жолғы тәртіппен көрсетілетін материалдық көмек;

жалпы сырқаттануына, еңбек жарақатына немесе кәсіби ауруына, жүктілік пен босануы бойынша, еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ бала (балалар) асырап алған адамдарға төленетін әлеуметтік жәрдемақылар;

жұмыс берушінің кінәсінен алған жарақатына немесе денсаулығына өзге де зақым келсе, келтірілген зиянды өтеуге байланысты қызметкерге сақтандыру өтеуі төленбеген жағдайда төленетін төлемақылар;

қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерін (болған жағдайда) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру;

қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға арналған ұйымның басқа да шығыстарына кіретіндер: осы ұйымда жұмыс істемейтін адамдарға (зейнеткерлерге, мүгедектерге, қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына) көрсетілетін материалдық көмек; жұмыс берушінің қаражаты есебінен ұйымдардың өз қызметкерлерінің пайдасы үшін жасалған жеке басты сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері (жарналары); еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан немесе денсаулығына өзге де зақым келуден еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жағдайларда бұрынғы жалақысы мен жаңа жұмысындағы жалақысының арасындағы айырмашылықты төлеу сомасы;

сауықтыру және басқа да іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстар (жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге денсаулық сақтау қызметтерінің әр түрін көрсететін ұйымдарға ақы);

ұйымның таратылуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуына, қызметкерлердің зейнеткерлік жасқа жеткеніне байланысты қызметкерлерді босату (жұмыстан шығару) кезінде еңбек шартын бұзу нәтижесінде төленетін өтемақы сомалары;

ұйымның балансында тұрған немесе мемлекеттік органдардан алынған субсидияларды, салықтық жеңілдіктерді алып тастағандағы үлестік қатысу тәртібінде қаржыландырылатын медициналық пункттерді, емдеу-сауықтыру орындарын, демалыс үйлерін ұстауға (өтелімді қоса алғанда) арналған шығыстар.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.3-жолында ұйымның қызметкерлерін оқытуға жұмсаған шығыстары (біліктілігін арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау) ескеріледі:

жұмыс берушінің (ұйымдардың) оқу орындарына оқуға жіберген студенттер мен оқушыларға тараптардың келісімі бойынша ұйымның қаражаты есебінен төленетін стипендиялар;

оқытуға арналған басқа шығыстар (тренингтер және басқа да білім беру іс-шаралары шығыстарын қоса алғанда);

ұйымның балансында тұрған немесе мемлекеттік органдардан алынған субсидияларды, салықтық жеңілдіктерді алып тастағандағы үлестік қатысу тәртібінде қаржыландырылатын оқу ғимараттары мен үй-жайларын ұстауға (өтелімді қоса алғанда) арналған шығыстар.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.4-жолында мәдени іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыруға жұмсалған шығыстар ескеріледі:

демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша шығыстар;

қызметкерлерге жұмыс берушінің қаражаты есебінен көрсетілетін туризм және демалыс қызметтерінің әр түрін көрсететін ұйымдарға төлем;

мәдени-ағарту іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар;

спорттық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға шығыстар;

ұйым қаражаты есебінен спорттық секциялардағы жаттығуларға ақы төлеу;

мәдени және спорттық іс-шараларды өткізу үшін үй-жайларды жалдау ақысы;

ұйымның балансында тұрған немесе мемлекеттік органдардан алынған субсидияларды, салықтық жеңілдіктерді алып тастағандағы үлестік қатысу тәртібінде қаржыландырылатын асханаларды, кітапханаларды, клубтарды, спорттық құрылыстарды ұстауға (өтелімді қоса алғанда) арналған шығыстар;

мәдени-көпшілік және сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша кәсіподақтарға шегерімдер.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.5-жолында ұйымның жоғарыда көрсетілген топтарға жатпайтын жұмыс күшіне жұмсаған шығыстары ескеріледі:

берілген арнаулы киім, аяқкиім және басқа да жеке қорғану құралдарының, сабын және басқа да жуу құралдарының, зарарсыздандыру құралдарының, сүттің және емдеу-профилактикалық тамақтанудың құны немесе ұйым әкімшілігі оларды бермеген жағдайда қызметкерлердің өздері сатып алған арнаулы киім, аяқкиім және басқа да жеке қорғану құралдары үшін шығыстарының құны;

жұмыс орнына қоғамдық көлікпен, арнайы бағыттағы, ведомстволық көлікпен жол жүру төлемі;

персоналды жалдауға байланысты шығыстар;

шетелдік жұмыс күшін тарту шарттарымен, тәртібімен және ресімдеу мен рұқсат алу рәсімдерімен көзделген шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты шығыстар.

Еңбек кодексіне сәйкес іссапар шығыстары;

тараптардың келісімі бойынша қызметкерлердің басқа жердегі жұмысқа ауыстырылуына байланысты шығыстарының өтемақылары;

жұмыс берушілер еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлердің жекелеген санаттарының пайдасына өз қаражаты есебінен аударатын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары.

Статистикалық нысанның 9-бөлімнің 1.2.6-жолында жұмыс күшін пайдалануына байланысты салықтар ескеріледі – бұл топқа салықтар мен алымдар кіреді, салықтық база болып саналатын жалақы қоры немесе қызметкерлердің саны; әлеуметтік салық; басқа да салықтар мен алымдар. Сондай-ақ бұл топқа шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты төлемдер енгізіледі.

17-2. Ұйымның жұмыс күшіне арналған шығыстарына:

ұйымның тізімінде тұрмайтын (өкілдік шығыстар) адамдарды қабылдау және қызмет көрсету жөніндегі шығыстар;

тараптардың келісімі бойынша рационализаторлық ұсыныстар, ғылым, әдебиет, өнер, өнертабыс туындыларын жасауға, басып шығаруға және өзге де пайдалануға шарттар бойынша төленетін авторлық сыйақылар;

тараптардың келісімі бойынша қызметкерге жеке автомобилін қызмет мақсатында пайдаланғаны үшін материалдық шығындардың (еңбекақының сомаларынсыз) өтемақысы;

халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес және қайырымдылық ұйымдары берген грант түрінде алынған сомалар енгізілмейді.

18. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына (<https://cabinet.stat.gov.kz/>)

орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескертпе: X-бұл позиция толтыруға жатпайды.

19. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім. Есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректер:

әрбір жол үшін 1-баған > 2-бағанға;

әрбір жол үшін 3-баған > 4-бағанға;

әрбір жол үшін 5-баған > 6-бағанға;

1 – 6-бағандар бойынша 1-жол > 1.1-жолға;

1-баған бойынша егер 1-жол > 0, онда 1.1-жол > 0;

1, 3-бағандар бойынша 1-жол = 1.1 – 1.2-жолдардың қосындысына;

1, 3-бағандар бойынша 1.2 жолдар = 1.2.1 – 1.2.2-жолдардың қосындысына;

әрбір жол үшін егер 3-баған > 0, онда 5-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 4-баған > 0, онда 6-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 5-баған > 0, онда 3-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 6-баған > 0, онда 4-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 3-баған = 4-бағанға, онда 5-баған = 6-бағанға;

әрбір жол үшін егер 3-баған – 4-баған > 0, онда 5-баған – 6-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 5-баған – 6-баған > 0, онда 3-баған – 4-баған > 0;

әрбір жол үшін 7-баған = 5-баған * 1000 / 3-баған / 12;

әрбір жол үшін 8-баған = 6-баған * 1000 / 4-баған / 12.

2) 2.1-бөлім. Есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны мен әкімшілік және өндірістік персоналдың жалақы қоры туралы деректер:

1,6-бағандар бойынша 1.1 – 1.2-жолдардың қосындысы = 1-жолға;

1,6-бағандар бойынша 1.1 жол ≤ 1-жолдан;

1,6-бағандар бойынша 1.2 жол ≤ 1-жолдан.

әрбір жол үшін егер 3-баған = 4-бағанға, онда 5-баған = 6-бағанға;

3) 3-бөлім. Кәсіптердің негізгі топтары ("Қызметтер жіктеуіші" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес) бойынша есепті жылға орташа алғанда қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректер:

әрбір жол үшін 1-баған > 2-бағанға;

әрбір жол үшін 3-баған > 4-бағанға;

әрбір жол үшін 5-баған > 6-бағанға;

әрбір жол үшін егер 3-баған = 4-бағанға, онда 5-баған = 6-бағанға;

1 – 6-бағандар бойынша 1-жол = 1.1 – 1.10-жолдардың қосындысына;

әрбір жол үшін егер 3-баған > 0, онда 5-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 4-баған > 0, онда 6-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 5-баған > 0, онда 3-баған > 0;

әрбір жол үшін егер 6-баған > 0 , онда 4-баған > 0 ;
әрбір жол үшін егер 3-баған – 4-баған > 0 , онда 5-баған – 6-баған > 0 ;
әрбір жол үшін егер 5-баған – 6-баған > 0 , онда 3-баған – 4-баған > 0 ;
әрбір жол үшін 7-баған = 5-баған * 1000 / 3-баған / 12;
әрбір жол үшін 8-баған = 6-баған * 1000 / 4-баған / 12.

4) 4-бөлім. Есепті жылға орташа алғанда жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардың; толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін және қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректер:

1, 2-баған бойынша егер 1-жол > 0 , онда 3-жолда > 0 , (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 94-коды үшін рұқсат етілген);

1, 2-бағандар бойынша егер 2-жол > 0 , онда 4-жол > 0 ;

1, 2-бағандар бойынша егер 3-жол > 0 , онда 1-жол > 0 ;

1, 2-бағандар бойынша егер 4-жол > 0 , онда 2-жол > 0 ;

1, 2-бағандар бойынша 5-жол = 0 рұқсат етілген;

1, 2-бағандар бойынша 6-жол = 0 рұқсат етілген.

5) 5-бөлім. Қызметкерлердің күнтізбелік уақыт қорын пайдалануы туралы деректер:

1, 2-бағандар бойынша 3-жол = 3.1 – 3.6-жолдардың қосындысына;

1-баған бойынша (1-жол + 3-жол + 4-жол) / (2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы) = 365 күн (кібісе жыл үшін – 366 күн);

2-баған бойынша (1-жол + 3-жол + 4-жол) / (2-бөлімнің 2-бағанының 1-жолы) = 365 күн (кібісе жыл үшін – 366 күн);

1, 2-бағандар бойынша егер 1-жол > 0 , онда 2-жолда > 0 ;

1, 2-бағандар бойынша егер 2-жол > 0 , онда 1-жолда > 0 .

б) 6-бөлім. Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді оқыту туралы ақпарат (есепті жылға):

әрбір баған үшін 1-жол > 1.1 -жол + 1.2-жол + 1.3-жол;

әрбір жол үшін 1-баған > 2 -баған + 3-баған + 4-баған.

7) 7-бөлім. Қызметкерлердің қозғалысы туралы деректер:

1, 5-бағандар бойынша 2-жол > 2.1 -жолға;

1, 5-бағандар бойынша 2-жол > 2.2 -жолға;

1, 5-бағандар бойынша 2-жол > 2.3 -жолға;

1, 5-бағандар бойынша 2.1-жол $> 2.1.1$ -жолға;

1, 5-бағандар бойынша 2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол + 2.3-жол;

әрбір баған үшін 3-жол = 3.1 – 3.7 жолдардың қосындысына;

әрбір баған үшін 4-жол = 1-жол + 2-жол – 3-жол;

1 - 4 жолдар үшін 1-баған > 5 -бағанға;

1 - 4 жолдар үшін 1-баған > 2 – 4-бағандардың қосындысына;
1 - 4 жолдар бойынша егер 1-баған > 0, онда 2 – 4-бағанда > 0;
есепті жылдың 1-бағанының 1-жолы = өткен жылдың 1-бағанының 4-жолына,
егер өткен жылдың 1-бағанындағы 4-жол > 0;
есепті жылдың 2-бағанының 1-жолы = өткен жылдың 2-бағанының 4-жолына,
егер өткен жылдың 2-бағанындағы 4-жол > 0;
есепті жылдың 3-бағанының 1-жолы = өткен жылдың 3-бағанының 4-жолына,
егер өткен жылдың 3-бағанындағы 4-жол > 0;
есепті жылдың 4-бағанының 1-жолы = өткен жылдың 4-бағанының 4-жолына,
егер өткен жылдың 4-бағанындағы 4-жол > 0;
есепті жылдың 5-бағанының 1-жолы = өткен жылдың 5-бағанының 4-жолына,
егер өткен жылдың 5-бағанындағы 4-жол > 0.

8) 8-бөлім. Есепті жылдың соңына қызметкерлердің тізімдік санының құрамы туралы деректер:

1-баған бойынша 1-жол = 1.1 – 1.4-жолдардың қосындысына;
1-баған бойынша 1-жол > 2-жолға;
1-баған бойынша 1.4-жол > 2-жолға – рұқсат етілген;
1-баған бойынша 1-жол > 3-жолға;
1-баған бойынша 1-жол > 3.1-жолға;
1-баған бойынша 3-жол > 3.1-жолға;
1-баған бойынша 1-жол = 4-жолға (ЭҚЖЖ-ның 36, 37, 38, 39, 74.90.1-кодтары үшін);

1-баған бойынша 1-жол > 4-жолға (ЭҚЖЖ-ның 10-33, 72, 84, 85.32, 85.4-кодтары үшін).

9) 9-бөлім. Жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар туралы деректер, мың теңге (ондық белгімен):

1-баған бойынша 1-жол = 1.1-жол + 1.2-жол;
1-баған бойынша 1.1-жол = 1.1.1 – 1.1.4-жолдардың қосындысына;
1-баған бойынша 1.1-жол > 1.1.5 жолдан;
1-баған бойынша 1.2-жол = 1.2.1 – 1.2.6-жолдардың қосындысына;
1-баған бойынша 1.2.1-жол = 1.2.1.1 – 1.2.1.3-жолдардың қосындысына;
1-баған бойынша 1.2.2-жол > 1.2.2.1-жолға;
1-баған бойынша 1.2.3-жол = 1.2.3.1 – 1.2.3.2-жолдардың қосындысына;
1-баған бойынша 1.2.6-жол = 1.2.6.1 – 1.2.6.2-жолдардың қосындысына;
егер 1-бағанының 1.1-жолы > 0, онда 1-бағанының 1.2.2, 1.2.2.1, 1.2.6.1-жолдары > 0.

10) Бөлімдер арасындағы бақылау:

әрбір баған үшін 2-бөлімнің 1-жолы = 2.1-бөлімнің 1-жолына;

әрбір баған үшін 2-бөлімнің 1-жолы = 3-бөлімнің 1-жолына;

2-бөлімнің 5-бағанының 1-жолы = 9-бөлімнің 1-бағанының 1.1-жолына;
 7-бөлімнің 1-бағанының 4-жолы = 8-бөлімнің 1-бағанының 1-жолына;
 егер 2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы > 0, онда 5-бөлімнің 1-бағанының (1-жол + 3-жол) > 0;
 егер 5-бөлімнің 1-бағанының (1-жол + 3-жол) > 0, онда 2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолыда > 0;
 егер 2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы > 0, онда 5-бөлімнің 1-бағанының 4-жолы > 0;
 егер 2-бөлімнің 2-бағанының 1-жолы > 0, онда 5-бөлімнің 2-бағанының 4-жолы > 0;
 егер 2-бөлімнің 2, 4, 6-бағандарының 1-жолы > 0, онда 1 – 4 жолдар бойынша 7 бөлімнің 5-бағаны > 0;
 4-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы ≤ 2-бөлімнің 3-бағанының 1-жолына – рұқсат етілген;
 4-бөлімнің 1-бағанының 5-жолы ≤ 2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолына;
 4-бөлімнің 1-бағанының 6-жолы ≤ 2-бөлімнің 1-бағанының 1-жолына;
 егер 5-бөлімнің 1, 2-бағандарының 3.1-жолы > 0, онда 9-бөлімнің 1-бағанының 1.1.4-жолы > 0;
 егер 6-бөлімнің 1-бағанының 1-жолы > 0, онда 9-бөлімнің 1-бағанының 1.2.3-жолы > 0.

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика
 министрлігінің Статистика
 комитеті төрағасының
 2020 жылғы 5 ақпандағы
 № 17 бұйрығына 3-қосымша



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Мемле
 органд
 кепіл,
 Конфи
 гарант
 госуда
 Жалпы
 статис
 статис
 Статис
 общег
 статист

Еңбек
 Отчет по труду

б о й ы н ш а

И н д е к с і
 Индекс

1-Т

т о қ с а н д ы қ
 кварталная

€
 €
 €
 €

Қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын, сондай-ақ "Шағын кәсіпорын қызметі туралы" (индексі 2-МП, кезеңді басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен (немесе) с Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения всех видов экономической также с численностью до 100 человек, кроме отчитывающихся по статистической форме "О деятельности малого п

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі айдың
Срок представления – до 10 числа (включительно) после отчетного периода

Б С Н
код БИН

к о д

1. Заңды тұлғаның деректемелері:

Реквизиты юридического лица:

1.1 Заңды тұлғаның (бөлімшенің) нақты орналасқан орнын көрсетіңіз (оның тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен
Укажите фактическое место расположения юридического лица (подразделения) (независимо от места его регистрации) - область, город, район, населенный пункт

--

1.2 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (ЭАОЖ) (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)
Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом на бумажном носителе)

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

1.3 Заңды тұлғаның (бөлімшенің) нақты жүзеге асырылатын экономикалық қызметінің негізгі түрінің коды мен атауын Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес (ЭҚЖЖ) көрсетіңіз

--

Укажите наименование и код согласно Общему классификатору видов экономической деятельности (ОКЭД) фактически осуществляемого основного вида экономической

--	--	--	--	--

деятельности юридического лица (подразделения)

2. Қызметкерлер саны және жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз

Укажите данные о численности работников и фонде заработной платы

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	Есепті тоқсанға За отчетный квартал	Ж ы л басынан С начала года
А	Б	1	2
1	Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны – барлығы, адам Списочная численность работников в среднем за отчетный период - всего, человек		
	с о н ы ң і ш і н д е : в том числе:	x	x
1.1	негізгі қызмет персоналы персонал основной деятельности		
2	Есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің нақты саны, адам Фактическая численность работников в среднем за отчетный период, человек		
	с о н ы ң і ш і н д е : в том числе:	x	x
2.1	негізгі қызмет персоналы персонал основной деятельности		
3	Қызметкерлердің жалақы қоры – барлығы, мың теңге (ондық белгімен) Фонд заработной платы работников – всего, тысяч тенге (с десятичным знаком)		
3.1	оның ішінде негізгі қызмет персоналы бойынша из него по персоналу основной деятельности		
4	Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника, тенге		
4.1	оның ішінде негізгі қызмет персоналы бойынша из нее по персоналу основной деятельности		
5	Барлық қызметкерлердің жұмыспен өтелген адам- сағат саны, мың адам-сағат (ондық белгімен) Число отработанных человеко-часов всеми работниками, тысяч человеко- часов (с десятичным знаком)		
6	Есепті кезеңге орташа алғанда әйелдердің тізімдік саны – барлығы, адам Списочная численность женщин в среднем за отчетный период - всего, человек		
7	Есепті кезеңге орташа алғанда әйелдердің нақты саны, адам Фактическая численность женщин в среднем за отчетный период, человек		

3. Жұмыс күшінің қозғалысы, бос орындардың бары және толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтіндердің саны туралы деректерді көрсетіңіз, адам

Укажите данные о движении рабочей силы, численности работающих неполное рабочее время и наличии вакансий, человек

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	а т а у ы	Есепті токсанға 3 а отчетный квартал	Жыл басынан С начала года
А	Б		1	2
1	Есепті кезеңнің басына қызметкерлердің тізімдік саны Списочная численность работников на начало отчетного периода			
2	Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлер Принято работников за отчетный период			
3	Есепті кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлер – барлығы Выбыло работников за отчетный период - всего			
	с о н ы ң в том числе:	і ш і н д е :		
3.1	персонал санының қысқартылуына байланысты в связи с сокращением численности персонала			
3.2	кәсіпорынның таратылуына байланысты в связи с ликвидацией предприятия			
3.3	біліктілігінің жетіспеуі салдарынан қызметкер атқарып жүрген лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегеніне байланысты в связи с несоответствием занимаемой должности или выполняемой работе вследствие недостаточной квалификации			
3.4	еңбек тәртібін бұзғанына байланысты в связи с нарушением трудовой дисциплины			
3.5	тараптардың еркінен тыс мән-жайларға байланысты в связи с обстоятельствами не зависящими от воли сторон			
3.6	өз еркі бойынша (қызметкердің бастамасы бойынша) по собственному желанию (по инициативе работника)			
3.7	б а с қ а по другим причинам	с е б е п т е р б о й ы н ш а		
4	Есепті кезеңнің соңына қызметкерлердің тізімдік саны Списочная численность работников на конец отчетного периода			
5	Есепті кезеңнің соңына кәсіпорындағы бос жұмыс орындар (қажетті қызметкерлер) с а н ы Число вакантных рабочих мест (требуемых работников) на предприятии на конец отчетного периода			х
6	Толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасымен жұмыс істейтіндердің с а н ы , адам Численность работающих неполный рабочий день или неполную рабочую неделю, человек			
7	Өндірістің бос тұрып қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін қызметкерлердің с а н ы , адам Численность работников, временно неработающих в связи с простоем производства, человек			

4. Есепті кезеңге орташа алғанда қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған, жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардың саны туралы деректерді көрсетіңіз, адам

Укажите данные о численности лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера, принятых на работу по совместительству в среднем за отчетный период, человек

Жол коды Код строки	К ө р с е т к і ш т е р Наименование показателей	Е с е п т і т о к с а н ғ а З а о т ч е т н ы й к в а р т а л	Ж ы л б а с ы н а н С н а ч а л а г о д а
А	Б	1	2
1	Қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) жұмыс істейтіндердің саны, адам Численность работающих по совместительству (из других организаций), человек		
2	Жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардың саны, адам Численность лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера, человек		

5. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық более 40 часов
------------------------------	-----	-----	-----	------	-------------------------------------

Атауы

Мекенжайы (респонденттің)

Наименование _____

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің)

Электрондық пошта

мекенжайы (респонденттің)

Телефон (респондента) _____ Адрес электронной

стационарлық ұялы почты (респондента) _____

стационарный мобильный

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты қолы, телефоны (орындаушының)

(бар болған жағдайда) подпись, телефон (исполнителя)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер немесе

оның міндетін атқарушы

Главный бухгалтер или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Басшы немесе оның

міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо,

исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің Статистика
комитеті төрағасының
2020 жылғы 5 ақпандағы
№ 17 бұйрығына
4-қосымша

"Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық)

жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Еңбек бойынша есеп" (индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың

статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сонымен қатар мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) жұмыс уақыты – қызметкер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

2) қызметтің негізгі түрі – қосылған құны субъект жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрлерінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

3) өкілдік – заңды тұлғаның орналасқан жерінен тыс орналасқан және заңды тұлғаның мүдделерін қорғайтын және білдіретін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның атынан мәмілелер және басқа да құқықтық әрекеттерді іске асыратын оқшауланған бөлімшесі;

4) толық емес жұмыс уақыты – Еңбек кодексінде белгіленген қалыпты ұзақтықтан аз уақыт, оның ішінде: толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту; толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту; күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын бір мезгілде азайту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту.

5) филиал – заңды тұлғаның орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның қызметін, соның ішінде өкілдіктер қызметтерін түгел немесе бір бөлігін жүзеге асыратын заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі.

3. Статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, оларға заңды тұлғаның статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттігі берілген жағдайда тапсырады. Құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады.

Өз қызметін екі немесе одан да көп облыстардың аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалар әрбір бөлімше бойынша жеке бланкілерде статистикалық нысанды ұсынады, яғни қызметті жүзеге асыру орны бойынша деректерді көрсетеді.

4. Статистикалық нысанды респондент есепті тоқсанға және жыл басындағы кезеңге толтырады. Статистикалық нысан тоқсанның бірінші айының бірінші

күнінен бастап есепті тоқсанның үшінші айының соңғы күніне (қоса алғанда) дейін толтырылады.

Деректер жұмыс берушінің актілері және бастапқы есеп құжаттамасының біріздендірілген нысандары: қызметкерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру, еңбек шартын бұзу, тоқтату туралы бұйрықтар (өкімдер), жұмыс уақытын пайдалану есебінің табельдері, есеп айырысу-төлем ведомостерінің негізінде толтырылады.

Жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелінде жұмысқа шықпау себептері, толық емес жұмыс күні, үстеме жұмыс туралы, жұмыс режиміндегі өзгерістер туралы белгілер тиісті құжаттар (еңбекке жарамсыздық парақтары, бұйрықтар (өкімдер) негізінде ғана көрсетіледі.

5. Есепті кезең ішінде құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер бір заңды тұлғадан екінші тұлғаға берілген (сатылған, қайта құрылған) жағдайда, берген заңды тұлғаның статистикалық нысандарында көрсетілген деректер жыл басынан бергі кезең үшін алып тасталынады және құрамына осы құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер кіретін заңды тұлғаның есебіне жыл басынан бастап енгізіледі.

Заңды тұлғаның шаруашылықты жүргізуінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, заңды тұлғаның жаңа статусы бойынша деректер осы өзгеріс болған айдан бастап есептелінеді, бұрынғы статусы бойынша жыл басынан бергі айлардағы деректер статистикалық нысандардан алып тасталынбайды.

6. Статистикалық нысанда қателер және басқа да бұрмалаушылықтар анықталған жағдайда, заңды тұлғалар есептік деректерді түзетуді бұдан кейінгі есептердің өспелі қорытынды деректерінде қателер немесе бұрмалаушылықтар табылғаннан кейін жүргізеді.

7. Тізімдік сан бойынша деректерді толтырғанда, жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыспен қамтылған адамдар (төлемақысыз және кез-келген келісімшартсыз орындалған жұмысты білдіреді) ескеріледі.

7-1. Тізімдік санға:

1) қызметкерлер:

бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, сондай-ақ шетел жұмыс күштері – республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші елден тысқары жалдаған шетелдіктер және азаматтығы жоқ азаматтар;

жұмысты вахталық әдіспен орындау үшін жіберілгендер;

толық емес жұмыс уақытына жұмысқа қабылданғандар;

қысқартылған жұмыс уақыты бойынша қабылданғандар (он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер; ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер; бірінші және екінші топтардағы мүгедектер);

аталған ұйымда жалақысын сақтай отырып, іссапарларда жүргендер, сондай-ақ шетелдерде қысқа мерзімді қызметтік іссапарларда жүрген қызметкерлер қосылады;

егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса, ұйымнан тыс жерлерде уақытша жұмыс істейтіндер (жүктелім бойынша);

егер олардың жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша сақталмайтын болса, басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша тартылғандар;

егер олар штаттық лауазымға қабылданған болса, жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторларына жұмысқа тартылған жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімінің студенттері;

қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында жұмысқа сынақ мерзімімен қабылданғандар. Аталған қызметкерлер тізімдік санға еңбек шартының әрекет етуінен бастап енгізіледі;

уақытша жұмыста жоқ қызметкерлердің (науқастануы, оқу демалысы, жүктілігі және босануы бойынша демалыс, бала күтімі бойынша демалыста болуы, мерзімді әскери қызметті өтеу және т. б.) орнына қабылданғандар;

ұйыммен жұмысты үйінде (үйде жұмыс істейтін қызметкерлер) жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасағандар қосылады.

Өз материалдарымен және өзінің немесе жұмыс беруші бөліп беретін не жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарды,

құрал-саймандар мен тетіктерді пайдалана отырып жұмыс берушімен жұмысты үйде жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасасқан адамдар жұмысты үйде істейтін қызметкерлер деп саналады.

Қызметкерлердің тізімдік санында жұмысты үйде істейтін қызметкерлер әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есептеледі.

2) қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар қосылады (жалақы есептелетін және есептелмейтін).

Қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар тізімдік санда әрбір күнтізбелік күн бүтін бірлік ретінде есептеледі.

7-2. Сондай-ақ, келесі себептер бойынша ұйымда уақытша болмаған қызметкерлер де тізімдік санға қосылады:

1) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысында жүргендер;

2) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған қызметкерлерді қоса, себепсіз жұмысқа шықпағандар;

3) білім беру ұйымдарында оқып жүрген және жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер, сонымен қатар қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы білім беру ұйымдарына түсу үшін түсу емтиханын тапсыратын қызметкерлер;

4) демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін демалыс күнін алғандар;

5) егер олардың жалақысы сақталатын болса, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарына жұмыстан босатылып жіберілгендер;

6) еңбек ақыны толық немесе жартылай сақтаумен сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін оқу демалыстарында жүргендер;

7) жүктілігі және босануы бойынша демалыста, жаңа туған нәрестені (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстарда жүргендер;

8) жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерімен келісу бойынша қабылданған актілерімен бекітілген ауысымдық кестелерге сәйкес демалыс күндері барлар;

9) қызметкердің өтініші негізінде еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер;

10) науқастануына байланысты жұмысқа келмегендер (уақытша еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін науқастанған бүкіл кезең ішінде немесе мүгедектік бойынша шыққанға дейін);

11) өндірістің бос тұруына байланысты орнында болмағандар;

12) сот өкімі шыққанға дейін тергеуде жатқандар;

13) ұзақ мерзімді қызметтік іссапарға жіберілгендер, оның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында жіберілгендер;

14) шақыру бойынша әскери қызметті өтеу және әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша дайындықта жүргендер.

7-3. Тізімдік санға:

1) қызметкерлер:

басқа ұйымдардан қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданған;

егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталмайтын болса, басқа ұйымға уақытша жұмысқа жіберілгендер қосылмайды.

Қоса атқарушылық бойынша жұмысты орындайтын қызметкерлерге негізгі жұмыс уақытынан бос уақытында еңбек шартының талаптарында тұрақты ақы төленетін басқа жұмысты орындайтындар жатады.

Ұйымда еңбек қатынастарында тұрған (негізі жұмыс орны бойынша) немесе екі, бір жарым мөлшерлемесі бар қосымша атқарушылық бойынша жұмысты атқаратын қызметкер осы ұйым қызметкерлерінің тізімдік санында бір адам (бүтін бірлік) ретінде саналады.

2) адамдар:

азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысты орындаушы;
жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс үшін тартылғандар қосылмайды.

Жұмысты азаматтық-құқықтық шарттар бойынша орындайтын адамдарға ұйымның ішкі еңбек тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгіленген нақты жұмыс көлемін (бір жолғы, арнаулы шаруашылық) орындау уақытына ғана шарт бойынша қабылданғандар жатады.

7-4. Есепті кезеңнің басына (соңына) қызметкерлердің тізімдік саны есепті кезеңнің белгілі бір күніне: сол күні қабылданғандарды қоса алғанда және кеткен қызметкерлерді қоспағанда, айдың бірінші немесе соңғы күні ұйымның тізімдік құрамындағы қызметкерлер санының көрсеткіші болып табылады.

Белгілі бір кезең ішінде қызметкерлердің орташа тізімдік санын анықтау үшін жұмыс берушінің актілері негізінде нақтыланатын (қабылдау, қызметкерлерді басқа жұмысқа ауыстыру және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар, өкімдер) тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының күн сайынғы есебі жүргізіледі. Тізімдік құрамдағы қызметкерлердің әр күнгі саны қызметкерлердің жұмыс уақытын пайдалануын есепке алу табелінің деректеріне сәйкес болуы тиіс.

7-5. Ұйымда толық ай жұмыс істеген, сондай-ақ орташа алғанда есепті айда толық ай жұмыс істемеген қызметкерлердің тізімдік саны (жаңадан құрылған, таратылған, өндірістің маусымдық сипаты бар ұйымдардағы), қызметкерлердің орташа тізімдік санын мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, есепті айдың әрбір күнтізбелік күніне қосу және алынған соманы есепті айдағы күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны алдыңғы жұмыс күнгі қызметкерлердің тізімдік санына тең деп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны сол демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндердің алдындағы жұмыс күнгі тізімдік құрамдағы қызметкерлер санымен теңдей етіп алынады.

7-6. Бір тоқсанға орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің тізімдік санын қосу және алынған соманы үшке бөлу жолымен анықталады.

Жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі барлық өткен айлардағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішінде ұйымның жұмыс істеген айларының санына алынған қосындыны бөлу жолымен анықталады.

7-7. Қызметкерлердің бір жылға орташа алғандағы тізімдік саны есепті жылдың барлық айларына орташа алғандағы қызметкерлердің орташа санын қосу және алынған соманы он екіге бөлу жолымен анықталады.

Егер ұйым толық бір жыл істемесе (маусымдық жұмыс сипаты немесе есепті жылдың қаңтарынан кейін құрылған), онда қызметкерлердің орташа тізімдік саны ұйымның жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің орташа тізімдік санын қосып, алынған соманы он екіге бөлу жолымен анықталады.

8. Орташа айлық жалақыны есептеу үшін қолданылатын қызметкерлердің нақты саны бойынша деректерді толтырғанда тізімдік құрамдағы қызметкерлер санынан осы Нұсқаулықтың 7.2-тармағының 3), 7), 9), 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген санаттағы қызметкерлер алып тасталады.

8-1. Қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) қабылданған немесе толық емес жұмыс уақытына қабылданған (ауыстырылған) қызметкерлер нақты санында есептеу арқылы есепке алынады және олардың саны есепті айдағы жұмыспен өтелген адам-сағатты бір айдағы жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығына бөлу жолымен анықталады.

Толық емес жұмыс уақытына қабылданған қызметкерлер, тізімдік санында бүтін бірлік ретінде есептеледі, ал нақты санды есептеу кезінде өтелген жұмыс уақыты бойынша есептеледі.

8-2. Өндірістік - экономикалық сипаттағы себептер бойынша жұмысын уақытша тоқтатқан ұйымдар қызметкерлердің нақты санын жалпы негізде анықтайды, яғни мұндай қызметкерлер нақты санда бүтін бірлік ретінде есептеледі.

8-3. Толық ай (тоқсан, жыл) жұмыс істемеген ұйымдар бойынша кезең ішінде орташа алғанда, қызметкерлердің нақты санын есептеу тәртібі (орташа айлық жалақыны есептеу үшін қабылданған) осы Нұсқаулықтың 7-5, 7-6 және 7.7-тармақтарында көрсетілген кезең ішіндегі орташа алғандағы қызметкерлердің тізімдік санын есептеу тәртібіне ұқсас.

8-4. Орташа айлық жалақыны есептеу үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылған адамдар қызметкерлердің нақты санына қосылмайды. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша тартылған адамдардың есебі статистикалық нысанның 4-бөлімінде жеке жүргізіледі. Аталған адамдар осы шарттың барлық қолданыстағы кезеңінде әрбір күнтізбелік күн үшін бүтін бірлік ретінде есептеледі.

8-5. Қызметкерлердің нақты санына жалақысы есептелетін қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдар кіреді.

8-6. Уақытша еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес науқастануына байланысты жұмысқа келмеген қызметкерлер, нақты санында есептеу арқылы есепке алынады және олардың саны есепті айдағы жұмыспен өтелген

адам-сағатты бір айдағы жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығына бөлу жолымен анықталады.

9. Ұйымның негізгі қызметімен қамтылған персонал бойынша деректерді толтырғанда негізгі өнім (тауарлар немесе қызмет көрсету) және басқа ұйымдарға немесе кәсіпорындарға өткізілетін, негізгімен қатар сөзсіз алынатын жанама өнімдер өндірісінде тікелей жұмыспен қамтылған қызметкерлер есепке алынады.

10. Қызметкерлердің жалақы қоры (еңбекақы төлеу) бойынша деректерді толтыру кезінде қызметкерлерге еңбекақы төлеу үшін ұйымдардың есептелген жиынтық ақшалай қаражаты (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), қосымша төлемдер, үстеме ақылар, сыйлықақылар және өзге де ынталандыру мен өтемдік сипаттағы төлемдер), сондай-ақ ақшалай бірлікке айналдырылған заттай түрдегі қаражаттары, салықтар мен басқа да ұстап қалуларды ескере отырып (табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар) көрсетіледі.

11. 2-бөлімнің 4 және 4.1-жолдарында жалақының есептелген қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі ай санына бөлу жолымен анықталатын бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы толтырылады.

